

ХІХ Ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ МАҢҒЫСТАДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК – ЭКОНОМИКАЛЫҚ АХУАЛ

ЕДІЛХАНОВА С.А.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті «Тарих және философия» кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

ХІХ ғасырдың ортасында Маңғыстаудың Бозашы түбегі территориясымен, Үстірт жазығының батыс бөлігі, Ембі өзенінің бассейні, Сағыз және Ойыл, солтүстік шығыс шекарасында, Мұғалжар Тудағы ауы және Ор өзені аралығында Кіші жүздің Байұлы тақтасының Адай рулары көшіп қонып жүрді. Бұл аймақтың түгелге дерлік территориясы дала зонасында орналасқан. Климаты континенталды, жазы ұзаққа созылған, күзі мен көктемі қысқа жылы. Негізінен жауын-шашын осы мезгілде болып тұрады, қысы қарсыз. Бұл аймақтың табиғат жамылғысы тек қана көшпенді ТТКмал шаруашылығымен айналысуға ғана мүмкіндік береді.

Маңғыстаудың керемет жерлері Бозашы мен Үстірт аумағының солтүстік шығысында, Қарынжарық құмының шығысы, Ақтөбе-Сауысқан аумағында, Түйесу-Самда.

Өлі Қолтықтан шығысқа қарай Асмантай, Матай т.б тұщы сумен және жеткілікті қоректенетін шөптермен қамтылған Қарақұм шөлі алып жатыр. Бірақ Ембі, Сағыз Ойыл өзендерінің бойында мал ұстаған-жылдық жақсы нәтиже беретін болған. Жаз кезінде жақсы мал ұстаған, белгі бір дәрежеде қыстық жұттан кейін малдың саны сақталуына себебін тигізді. Наурыз айы болысымен көшпелілер Маңғыстауда орналасқан қыстауларын тастап, барлық малдарын Үстіртке айдап алып кетеді. Бұл мезгілде Үстіртте қар еріп жер бетіне шөп жақсы шығады.

Маңғыстау мен Үстіртте ағып жатырған су жеткіліксіз болғандықтан Ембі, Сағыз, Ойыл өзендерінде, басқа да бассейндерде адайлар мал шаруашылығымен айналысты. Сағыз өзенінің суы ащы-тұзды, қолданысқа жарамайды. Білімді шенеуліктердің бірі Маңғыстауда өмір сүрген және Маңғыстау қазақтарының шаруашылық өмірін жақсы білген Ф.А.Михайлов «Бұл жердегі құмда орналасқан артық құдық және ағып жатырған артық литр су – артық отбасы немесе артық отбасы топтарының бар екенін білдіреді», -

деп жазған. Жаздың ыстығы түскенде, су тек қана терең құдықтарда және кейбір су көздерінде ғана болады. Көктемнің аяғында күзге дейін адайлар малды құдықтан суарған. Маңғыстауда құдықтың екі түрі (10 метрден артық) шыңырау және ұсақ қазылғандарына қарай әр түрлі атаулары бар.

Адайдың көшу қоныстарының аумағын алатын болсақ, онда ұзындығы оңтүстіктен солтүстікке қарай мың километрге жетеді. Бұл Қазақстандағы және Қырғызстандағы шөл далада орналасқан ең ұзын және қиын көшпенді жол. Сондықтан Маңғыстаудың солтүстігінде мал шаруашылығымен айналысу оңай емес. Бұл жерлерде адайлардың өздеріне тиесілі белгілі бір аумағы жоқ. *Олар көктем кезінде осы жерлерге келуге қанша асықса да, бәрі бір жаз болмай кіші жүздің басқа рулары келгенше бұл жерлерге келе алмаған. Сондықтан Адайлар жазығы кіші жүздің басқа руларында болған.*

Адайлардың басты мал шаруашылығы түйе (бір өркешті) және жергілікті табиғат жағдайына үйренген жылқылар, қойлар болды. Маңғыстауда түйе (нар) таптырмайтын транспорт құралы, сүтті жануар ретінде маңызды рөл атқарды. Басқа қазақтарға қарағанда адайларда мүйізді қара жоқ болған. Адай қазақтарының шаруашылығы көбінесе натуралдық кейпін сақтап қалған: әрбір отбасы мал шаруашылығы өнімдерін дайындаған.

Каспий жағалауында Ембі өзенінің бойындағы кедей тұратын ауылдар көбіне балық аулаумен айналысқан. 1851 жылы Ембі өзені бойындағы осындай шаруашылық саны мыңға жуық болды. Балықты аулайтын құрал сүйектен жасалған қармақпен, ал кейбір балықшылар балықты қолмен аулаған. Табиғаттың қолайсыздығы, су жетпеуіне байланысты Маңғыстауда жер шаруашылығы әлсіз дамыған, жалпы бұл өңір шаруашылығының басым бөлігі көшпелі мал шаруашылығы, жер шаруашылығы тек бастапқы деңгейде болды.

Маңғыстаудағы бұлақтар мен құдықтар туралы алғашқы деректерді подполковник, Маңғышылақ приставы Н.П.Ломакин жинады. Кейін Маңғыстау байлығын игеру мақсатымен 1892 жылдан бастап арнайы комиссия жұмыс жасады. Олардың жұмысының негізі Маңғыстау және Үстірттегі сумен қамтамасыз етіп отырған қайнар көздерін табу болды. Комиссия құдықтар мен бұлақтардың 363 түрін сипаттады. Н.П.Ломакин, комиссия, сондай-ақ уезд бастығының көмекшісі Говоровтың жинаған материалдары Маңғыстауда құдықтар мен бұлақтарды пайдаланудың үш түрі бар екенін көрсетті олар: билік, қауымдық және жалпы қазақтарға арналған сонымен қатар түрікмендік. Үстіртті қоспағанда Маңғыстауда 70 жылдары 817 суы тұщы құдық, 322 ащы сулы құдық, барлығы 1139 құдық, ал 1899

жылы 1211 тұщы сулы құдық, 2957 тұзды сулы құдық, барлығы 4168 құдық болған. 1139 құдықтың 794 құдығы алты рулық бөлімшенің 77 биіне тиесілі болса, 291 осы бөлімшенің қол астындағы бөлімшелерге тиесілі.

Тек 54 құдық барлық адайлар мен түркмендерге ортақ болды. Үстірт құдықтары, Бешақты шатқалының құдықтары Сынақ, Сымса құдықтары қалған адайлардың жоғарғы үш бөліміне тиесілі болды. Бұлақтар мен құдықтар үшін әр кез уақыт өткен сайын қатыгездене түскен, рулар арасындағы, адай және түрікмен феодалдары арасында күрестер жүрді. Феодалдардың құдықтарды көптеп басып алу малшыларды руластарын қанаудың негізін күшейтті.

Осы жылдары жинақталған мәліметтерде адай руының қазақтары 27 түп бөлімшеге бөлінді, олардың 9 ғана құдық иеленді, ал қалған 18 билермен бірге көшіп қонды, бағынышты болды. Бірқатар көшпелілер түп бөлімше немесе ауыл ішіндегі негізгі жұмыстарды, сондай-ақ билердің шаруашылығын жүргізді. Есесіне олар өздерін малдарын билердің құдығынан суарып отырды. Жыл сайын Маңғыстауда 200-600 дейін құдықтар қазылып ескілері тазартылып отырды.

Бұлақтармен суарылған шағын жыртылған жерлер де феодалдарға тиесілі болды. 1870 жылы маңғыстауда тұщы бұлақтар жиырма тоғызжерде болды, олар 550 десятинадан көп жерді суарды. Олардың 116 десятинасы ірі жеке билерге тиесілі болса, 373 десятинасы билер тобына, тек құдықтар жанындағы 13 десятина түрлі бөлімшелердегі кедейлерге тиесілі болды.

Билердің жерлерін өздерінің жерлес кедейлері өңдеді. Говоровтың жазуынша ірі немесе одан төмендеу ауқатты адамдар жерлерін өңдеуді өздерінің кедей туыстарына беріп отырған. Бұл туыстық қатынастармен бүркеленген қанаудың тағы бір түрі болды. Адайларда феодал топтары – бай құрметті ақсақалдарды би немесе құрметті билер деп атады. Маңғыстауда билер деп Қазақстанның басқа өңірлеріндегі сияқты тек сот істерін талқылайтын феодалдардың бөлігін атаған жоқ, олар экономикалық саяси қоғамдық өмір мәселелерін шешкен ру басшыларын атады.

Өзінің шаруашылығының ауқымдылығы және қоластындағы халықтардың санына қарай билер ірі және ұсақ болып бөлінеді. Кейбір ірі билердің билігі тіпті бірнеше руларға да жүріп отырды. Одан кейін бөлімшелерді басқарған құрметті билер тұрды, ал ұсақ билер буындар мен ауылдарды басқарды. Ал ең ірі билер бөлімшелерінің атынан адайлар мен

кіші жүздің басқа руларының қазақтармен немесе түрікмендермен, Хиуа хандығымен, Ресей шекара өкіметімен арадағы дауларды шешуге қатысты.

Маңғыстау халқының еңбекші халқының мүліктік жағдайының әр түрлілігі феодалдарға тәуелділіктің дәрежесін айқындады. Халықтың бір бөлігі қауымның жеке меншігіндегі аз санды құдықтар мен жайылымдардың негізінде формальды түрде жеке көшпелі қауымды құрады, онда жұмыстар бірлесіп іске асырылды. Әрине қауымдастық феодалдық қанаудан сырт қалмады. Малы бар, бірақ суы жоқ көшпелі шаруашылықтың үлкен бөлігі феодалдармен бірге көшіп қонып, олардың шаруашылығын жүргізуге мәжбүр болды.

Сондай-ақ бидің қол астындағы халық, оның барлық бұйрықтарын орындады, өз өмірлеріне қауіп төндіретін барымтаға да қатысты. Ағайындардың бір бөлігі бидің өзіне, оның жанұясына және күнделікті қонақтарына қызмет жасады.

Жұттан кейін кедейлердің саны өсті, олардың көпшілігі феодалдарға толықтай тәуелділікке түсіп қалды. Адай феодалдарының шаруашылығында құлдардың еңбегі де пайдаланылды. XIX ғасырдың 70 ылдарында патша әкімшілігі құлдықты ресми түрде жойды, бірақ оның қалдықтары XX ғасырға дейін сақталып қалды.

В статье автор обратила внимание на особенности социально-экономического положения Мангистау во второй половине XIX века.